

Ақтөбе қалалық мәслихатының "Ақтөбе қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" 2010 жылғы 28 шілдедегі № 265 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2015 жылғы 10 маусымдағы № 337 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 шілдеде № 4423 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 247 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 12.12.2017 № 247 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 және 7 баптарына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңының 97 бабы 2 тармағына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қалалық мәслихатының 2010 жылғы 28 шілдедегі № 265 "Ақтөбе қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылы 7 қыркүйекте № 3-1-140 санымен тіркелген, 2010 жылғы 21 қыркүйектегі "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) шешіміне өзгерістер е н г і з і л с і н :

аталған шешіммен бекітілген Ақтөбе қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасындағы:

1 тармақтағы:

1) тармақшаның 3 азат жолы мынадай редакцияда мәлімделсін:

"жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй - жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстауға жұмсалатын шығыстарына;"

2) тармақша мынадай редакцияда мәлімделсін:

"кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстауға жұмсалатын

шығыстар - үй - жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналысының шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп - ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ аспаптарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және салыстырып тексеруге, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй - жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай - ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекеленген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;"

2 тармақтағы :

2 азат жолдағы "тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп - ұстауға жұмсалатын" сөздері "кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстауға жұмсалатын" сөздерімен ауыстырылсын ;

3 азат жолдағы "тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп - ұстауға ақы төлеуге" сөздері: "кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстауға ақы төлеуге" сөздерімен ауыстырылсын ;

3 тармақтағы :

"тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп - ұстауға жұмсалатын шығыстарының" сөздері: "кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстауға жұмсалатын шығыстарының" сөздерімен ауыстырылсын ;

4 тармақтағы :

"Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) жылыту және күтіп - ұстау шығындары" сөздері: "Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін жылыту және күтіп - ұстау шығыстары" сөздерімен ауыстырылсын ;

9 тармақтағы :

"тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп - ұстауға жұмсалатын шығыстарына" сөздері: "кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстауға жұмсалатын шығыстарына" сөздерімен ауыстырылсын ;

13 тармақтағы :

"тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп - ұстауға жұмсалатын шығыстары" сөздері: "кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстауға жұмсалатын шығыстары" сөздерімен ауыстырылсын .

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күннен соң күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қалалық
мәслихатының сессия төрағасы
А. Қабиев

Ақтөбе қалалық
мәслихатының хатшысы
С. Шынтасова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК